



## БҰЙРЫҚ

« 30 » 04 2026.

Алматы қаласы

## ПРИКАЗ

№ 166 - Ө.

город Алматы

### Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 8 бабы 5 тармағына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларының 2,4,6 – тармақтарына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**,

1. ҰҒФО компаенс бақылау қызметінің басшысы Түзелбаев Нұрлан Әскербекұлы 2025 жылдың 1 сәуірі мен 2026 жылдың 1 мамыры аралығындағы кезеңде ҚР ДСМ «Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылыми фтизиопульмонология орталығы» ШЖҚ РМК (бұдан әрі – ҰҒФО) Әкімшілік-шаруашылық қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізсін:

- ҰҒФО Әкімшілік-шаруашылық қызметіне қатысты ішкі нормативтік құжаттамада сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- ҰҒФО Әкімшілік-шаруашылық қызметіне сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

2. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау өткізу мерзімі 2026 жылдың 12 мамыры мен 2026 жылдың 11 маусымын қоса алғанда, 15 жұмыс күнінен аспайтын мерзімге ұзартылуы мүмкін;

3. ҰҒФО Әкімшілік-шаруашылық қызметінің басшылығы, сонымен қатар басқа да құрылымдық бөлімшелер Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау өткізуге қажетті барлық мәліметтер мен құжаттарды (материалдарды) ұсынсын;

4. ҰҒФО компаенс бақылау қызметінің басшысы Н.Ә. Түзелбаевқа Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері бойынша талдамалық анықтама дайындалсын;

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Директор

М.Аденов